

Әйтеке биден қалған сөз

- “Өмірім — өзгенікі, өзімдікі — өлім ғана.
- “Батыр боп жауға найзаң тимесе, Батырлықтан не пайда. Бай болып халқыңа пайдаң тимесе, Байлығыңнан не пайда...”
- “Іні — ағаның тынысы.
- “Қара қылды қақ жарған - жақсылардың белгісі.
- “Тексіздің тегі — құл.
- “Нағыз тұлпар дауысын қоңыраудай сыңғырлатып, үзілдіріп, әсерлі қайырып кісінейді.
- “Кісімен бірге туыспау керек, Туысқан соң артық сөз қуыспау керек.

«Кәрі де бол, жас та бол, сыйлас бол көппен тіріде.
Қалады бір күн алтын бас қазылған көрдің түбінде.
Жүрген жерлеріңнің бәрі жазық болсын.
Ар мен абырой өмірлеріңе азық болсын!»

Әйтеке бидің батасы



Құрастырған және безендірген:
ОҚК библиографы Г. Ж. Алқайдарова

“И. Шухов атындағы орталық қалалық кітапхана” КММ

Мекен-жайы: СҚО, Петропавл қ.,

Брусиловский к., 65

Телефон: 8(7152)50-04-11

8(7152)33-19-57

Сайт: shuhovlibrary.kz

E-mail: shuhov_lib@mail.ru

<https://vk.com/shuhovlibrary>

[@shuhov_kitaphana](https://www.facebook.com/shuhovlibrary)

<https://www.facebook.com/shuhovlibrary>

“И. ШУХОВ АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ
ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНА” КММ



Айтөке би
(1644 -1700)

БУКЛЕТ

Петропавл қ.
2024 ж.

Әйтеке би туралы не білеміз

Әйтеке би Бәйбекұлы (1644 – 1700 жж.) – Тәуке хан (билік құрған жылдары 1680 – 1718 жж.) тұсында Хан Кеңесінің құрамына кірген, «Орда биі», қазақтың аса көрнекті мемлекет қайраткері. Ол Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би сияқты ірі жеті бидің қатарында орталықтандырылған қазақ хандығының құқықтық заңдарының жинағы «Жеті Жарғыны» құрастырушылардың бірі болды. Әйтеке би қазақ мемлекеттілігінің орнығуына, сонымен қатар жоңғар шапқыншылығы жылдарындағы «Ақтабан шұбырынды» болған Ұлы апатты кезеңдерде тиімді және тәуелсіз сыртқы саясатты



Әйтеке бидің туған жері

Тарихи деректерде Әйтеке Байбекұлы Төле би мен Қазыбек биден жасы үлкен болғаны айтылады.

Әйтеке би 1644 жылы қазіргі Өзбекстан жеріндегі Нұрата тауының Бұхара жеріне қарай созылып жатқан Қызбибі тауының етегінде өмірге келген. Шыққан тегі – Кіші жүздің Әлім тайпасының төртқара руы. Әмір Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы.

Оның арғы атасы әулие Сейітқұл Жәдікұлы Шығай ханның серігі болған. Сейтқұл әулиенің баласы Ақшадан Шан, Байбек, Қонысбек, Жоламан, Бекмембет, Бекенші ұрпақтары өсіп өнген. Байбектен Кешубай, Қашкын, Әйтеке туған. Әйтекеден Қонысбай, Жылтыр деген екі ұл қалған. Бұлардан тараған ұрпақтар ұзақ жылдар Самархан, Нұрата тауының төңірегін мекен еткен.

Жалаңтас батыр да – Әйтеке бидің атасы.

Әйтеке бидің шын есімі

Әйтеке бидің шын есімі – Айтық. Оның шешендік қасиетінің ашылуына әкесі Байбек пен Қосуақ бидің ықпалы тиген.

«Жеті жарғы»

Әйтеке би 19 жыл бойы кеңестің мүшесі болып, Кіші жүз руларының атынан кесімді сөз сөйлеу құқын иеленді. Бұл бұрынғы «Қасым салған қасқа жол», «Есім салған ескі жол» сынды заңдардың ескірген заманы еді, сондықтан жаңа заң үлгілерін жасау қажеттігі де туды. Тәуке хан және жоғарыда аталған тоғыз бидің қатысуымен 1684 жылы «Жеті жарғы» заңы қабылданды. Бұл заңның елдің басын біріктіруге, ата-дәстүрдің сақталуына, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі зор болды. «Жеті жарғыға» Әйтеке бидің «Сүйек құны», «Өнер құны» сынды баптарды ұсынған.

